



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 6 ақпан


2018 жылдағы теңгенің нақты айырбастау бағамының динамикасы туралы

Нақты тиімді айырбас бағамы (бұдан әрі - НТАБ) салыстырмалы бағалардың өзгерістеріне түзетілген 37 негізгі сауда әріптес елдердің валюталар себетіне қатысты айырбастау бағамының орташа безбенделген өзгеруі болып табылады. НТАБ нақты уақыт кезеңі ішінде сатып алу қабілеттілігінің өзгеру көрсеткіші болып табылады.

2018 жылы НТАБ 2,1%-ға ж/ж әлсіреді және өзінің тепе-тең мәндеріне жуық қалыптасты. Бұл қазақстандық тауар өндірушілердің ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекелесуге қолайлы жағдайлары бар екенін білдіреді. Осылайша, Қазақстанның экспорттық әлеуеті кеңеюде, бұл 2018 жылдың 11 айындағы дайын өнімнің экспортын<sup>1</sup> 11,7%-ға өсіп, 3,1 млрд. АҚШ долл. дейін ұлғаюына, жалпы импорттың (11,1%) және тұтыну тауарлары импортының (3,8%)<sup>2</sup> өсу қарқынынан жоғары болды.

Өзгермелі айырбас бағамына ауысқаннан кейін НТАБ-тың ауытқуы төмендеді. НТАБ-тың тепе-тең деңгейінде болуы экономикалық өсімді қолдайтын оңтайлы айырбас бағамы саясаты екендігін көрсетеді.

1-график. Нақты және тепе-тең айырбастау бағамдарының индекстері \*



\*Ескертпе: 1) тепе-теңдікті есептеу Ходрик-Прескот сүзгісімен, нақты тиімді айырбастау бағамдарының 2019 жылдың басында аздап әлсірейтіні болжана отырып жүзеге асырылды. 2) Ұлғаюы теңге НТАБ-ы индексінің нығаюын, төмендеуі әлсіреуін білдіреді.

<sup>1</sup> Негізгі экспорттық дайын өнімдер: азық-түлік өнімдері (34%), химиялық өнімдер (24%), мойынтіректер, батареялар мен трансформаторлар (16,4%) және металл бұйымдары (13,5%).

<sup>2</sup> ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК деректері бойынша

НТАБ динамикасы, негізінен, номиналдық бағамдардың өзгерістерімен анықталды. 2018 жылдың 1 жарты жылдығында АҚШ-тың санкциялық саясатының жаңа раундының себебінен теңге бағамының Ресей рубліне қатысты нығайуы орын алды; мамыр айынан қазан айына дейін НТАБ сыртқы монетарлық талаптардың қатаңдауы жағдайында теңгенің еуроға қатысты бағамының әсерімен қалыптасты. Сонымен қатар, 4 тоқсанда НТАБ-тың өзгеруіне негізгі үлесті Еуропа Одағында инфляцияның маусымдық өсуі мен Қазақстандағы инфляцияның баяулауы қосты.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)